

## Қоғамдық ғылымдар

### «САРҒАЙСА ДА ТАРИХТЫҢ АҚ ПАРАҒЫ, ОТТЫ ЖЫЛДАР МӘНГІ ЕСТЕ САҚТАЛАДЫ»

Сыбанбаева А.Э.

*«Отты жылдар елесін, кітаптан оқып білесің...»*

Халқымыз басынан кешірген сұрапыл соғыстың аяқталғанына биыл 65 жыл толып отыр. Жүз мыңдаған азаматтарымыздың қыр-шынын қиып, өмірді өртке, жүректерді дертке шалдырған зұлмат соғыс әлі есте. Қанша уақыт өтсе де өкінішке толы сол кезең ел есінен өшпек емес. Қазіргі таңда егемендікке қол жеткізіп, қазақ елі деген дербес, тәуелсіз мемлекет болып отырмыз. Үстіміздегі жылы Ұлы жеңістің 65 жылдығын атағалы отырмыз. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн болды. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлерге бас иеміз...

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті беті ғана емес, сонымен қатар ол Кеңес халқының теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің айғағы деп білеміз.

Ұлы Жеңіс Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы елдері үшін ғана емес, сонымен қатар әлем халықтары үшін де үлкен маңызға ие. Ұлы Жеңіс 65 жылдығы фашизмді жеңген тарихи күн ретінде бағалы екені бәрімізге мәлім. Қаһарлы соғыс батырларының батылдығын, Отан қорғаудағы ерліктерін жас ұрпаққа жадында өшпестей қалдыру аға буын ағаларымыздың асыл парызы екенін есте сақтайық. Содан бері талай уақыт өтсе де ел тағдырына қайғылы із қалдырған сұрапыл жылдар халық жадында мәңгілік сақталып қалады. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді [1].

Иә, біздер жеңіске жеттік. Біздермен бірге бүкіл Еуропа халқы да жеңіске жетті. Біздер жер бетіне жеңіс туын тіктік. Бұл күнді аңсап мыңдаған, жүз мыңдаған боздақ көз жұмды. Жеңіс жолында жанын пиде етті. Тірі қалғандар көзінен жасы парлап тұрып сол күні қуанды.

Ұлы Жеңіс–барша халықтың жеңісі демекші мерейлі мерекеге Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында атап көрсетілгендей тәуелсіздікті нығайту, мемлекетіміздің халықаралық беделін көтеру, әртарапты ынтымақтастықты дамытудың сара бағытын көреген саясатпен берік ұстап келеді [2].

Елбасы Жолдауы–елдігіміздің арқауы, өркендеуіміздің өзегі. Әр

жанұяға, әр адамға өз болашағына деген берік сенім ұялатуда. Сол бір қасиетті күн 1945 жылдың 9 мамырынан уақыт бізді алыстатса да, Жеңіс мерекесі қастерлі.

Осынау Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерекесінде өткенді зерделеу, майдангерлер рухына тағзым ету—біздің перзенттік парызымыз. Өйткені, біздер Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Бүгінгі Отан қорғаушылары, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жан қиярлық ерлігі-Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге деп айтқан болатын», Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Майдангерлердің иығына аса ауыр жүк түсті. Олар толарсатқан саз кешті, тобығынан қан кешті. Отаны, елі үшін от болып жанды, оқ болып атылды [2,4].

«Ер өлсе де еңбегін ел өлтірмес, неше мың жыл өтсе де тарих білмек»,- деп Сұлтанмахмұт жырлағандай бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміздің ешқашан естен шықпайды, ұмытылмайды [3]. Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі ұшан-теңіз екенін байқатқан еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды.

Ұлы Отан соғысының от жалынды жылдарында ер-азаматтар мен бірге қолына қару алып, майдан шебіне аттанған ару қыздарымыз да аз емес. Соның бірі қазақтың қосжұлдызы Мәншүк мен Әлия. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Мәншүк 18 жаста болатын. Ол соғысқа бару, Отанын қорғау туралы шешім қабылдады. Өтінішінде: «Фашистерді жою үшін майданға жіберетін менің ағайым да, апайым да жоқ, сондықтан өзімді жіберіңіз»,- деп жазған [4].

Бір жыл бойы Мәншүк әскери комиссариаттан өзін әскерге жіберу туралы өтінді. 1942 жылдың 13- тамызында Алматыдан 100- атқыштар бригадасы майданға аттанды. Оның құрамында 4890 жауынгер, оның ішінде 2 қазақ қызы – дәрігер Мәриәм Сарлыбаева және Мәншүк Мәметова болған екен. Бригаданы ұла дана ақын Жамбыл өлеңімен шығарып салыпты.

Әскердің қиындығын Мәншүк ерлермен қатар көрді- жер жорғалап, судан жүзіп, қалың ну ормандардан өтті, пулемет атып үйренді. 21- гвардиялық атқыштар дивизиясының ең жақсы пулемет атқышы атағына ие болды. Ол ержүректің үлгісі болды, оны дивизия жауынгерлері мақтан тұтқан.

Кеше ғана қызылды-жасылды киініп, гүлдей құлпырған балауса бойжеткендер енді әскер киімін киініп, қару асынып тілі, діні бөлек жаумен шайқасқа шықты. Оқ пен отқа орана жүріп ерліктің небір ерен үлгілерін көрсетті. Кеңес Одағының Батыры атағын алған ержүрек қыз Әлия соғыста таңғажайып ерлік жасады. Ол тамаша соғыс шебері, мерген, барлаушы, сапер, автоматшы, керек кезінде қол бастаған командир

міндетін атқарды. Әлия Молдағұлованың қысқа өмірінде жасаған ғаламат ерлігін қастерлеп жауынгер достары да оны «батырдың батыры» деп атап кеткен.

Ұлы Отан соғысындағы партизандар қозғалысы туралы, олардың ерлік қимылдары туралы тебіренбей айту мүмкін емес. Өйткені, қайталанбас тамаша ерліктері мен көрген ауыр азап, асқан қиындықтарын, таңғажайып табандылық көрсеткендердің ішінде қазақстандық жерлестеріміздің партизан қозғалысына, неміс басқыншылары басып алған жерлердегі қаһармандық күрестерінің алар орны ерекше. Олар Белоруссия ормандары ма, орыстың кең даласы ма, қай жерде соғысса да, өздерінің туған Қазақстанын, бүкіл елді, халқының жүрегіне ең ыстық, ең қымбат нәрселердің бәрін қорғайтынын айқын білген Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов.

Осы кезеңдегі ең басты шайқастың бірі Сталинград шайқасына тоқталып өткенді жөн көрдім. От жалыны екі жүз тәулік бойы лаулап жанған осы Сталинград шайқасы еліміздің өміріндегі ең ауыр да, ең қатал сындардың бірі болды. Қазір бұл тек тарихтың сарғыш тартқан беттері ғана болып қалды. Сталинград шайқасы 1942 жылдың 17 шілдесінен басталып—1943 жылдың ақпанынан аяқталды. 1942 жылдың күзінде Сталинград шайқасының жалыны Батыс Қазақстанға жетті. 1942 жылы күз Каспий маңы, сол жылы 1 - қыркүйекте Атырау одан ары қарай Оралға жетті. Қазақстан Сталинград шайқасында зор көмек көрсетті: 1942 жылы 300 ұрыс машинасы мен 500 моторды күрделі жөндеуден өткізіп қатарға қайта қосты. Ақтө-беавиация шеберханалары ай сайын 30 ұшақ, 160 авиамотор шығарып отырды. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етті. Сталинград шайқасына қатысқан қазақстандықтар: М.А.Баскаков, Нүркен Әбдіров, Жамбылдың ұлы Алғадай, полковник Ғани Сафиуллин, Толыбай Мырзаев, Қасым Аманжолов, Кәміл Хузин сияқты батырлар ордендермен марапатталды. 11 жауынгер 300 фашиске қарсы шайқасып ерлікпен барлығы қаза тапты. Қазақстандық подполковник Т.С.Позолотин 17 гвардиялық танк полкі ерекше көзге түсті, 1943 жылы қыста Сталинград түбінде жау 600-700 км.-ге қудаланды [5].

Мәскеу шайқасына тоқталатын болсам 1941 жылдың 30 қыркүйектен — 1941 жылдың 6 желтоқсанына дейін созылды. Батыстағы Брест қамалының қорғаушылары 485 шекара заставасы жаудың алғашқы шабуылын қарсы алды. Мәскеу шайқасында ерлік көрсеткен батырлар: К.Әбдірахманов, Қ.Иманқұлов, Ғ.Жұматов, Ш.Шолтыров тағы да басқалар. Соғыс тарихында 1941 жылы 22 шілдеде алғаш рет Кеңес Одағының атағына ие болған қазақстандық — танк әскерлерінің генерал-майоры К.А.Семенченко. Шайқаста И.В.Панфилов және полк комиссары А.С.Егоров қолбасшылық еткен 316 атқыштар шайқасты. 1941 жылы 16 қараша—1075 атқыштар полкінің 28 танк жоюшылар тобы Дубосеково разьезінде жаудың 18 танкісін жойып жіберді. Ротаның саяси жетекшісі В.Г.Колочков — «Ресей кең-байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда

Мәскеу» деген ұранын жария етеді. 1941 жылы 18 қараша – дивизия командирі И.В.Панфилов ерлікпен қаза табады. 238 атқыштар дивизиясының автоматшысы Рамазан Амангельдинов ерлігі: Ока жағасында, Серпухов түбіндегі воронино қыстағындағы шайқаста 13 фашистің көзін жойып,өзі де қаза тапты [6].

1942 жылы 3 мамырда Қызыл ту орденімен марапатталды, 1942 жылы 24 мамырда, 30 гвардиялық дивизия болып қайта құрылды. Екі жүз күн бойы от кешкен Сталинград шайқасы қаһармандарының, тірілерінің де, қаза тапқандарының да, Отанымыз, еліміз үшін шайқасқандардың бәрінің де данқы өшпейді.

Қазақ халқының маңдайына біткен парасат-пайымы терең, өр тұлғалы ұлдары бірі Рақымжан Қошқарбаев. Халқы үшін қасықтай қанын, елі үшін шыбындай жанын берген батырлары қаншама! Солардың бірі әрі бірегейі – Ұлы Отан соғысы кезінде рейхстагқа бірінші болып Жеңіс жалауын тіккен Қазақстан Республикасының «Халық Қаһарманы», аты аңызға айналған халық батыры Рақымжан Қошқарбаев [7].

Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Халық жадында сапында 30 ұлттың өкілі бар бұлардың 3 мыңдайы қазақстан азаматтары Брест қорғаушыларының өшпес ерлігі мәңгі сақталмақ. Қазақстан жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көрмеген теңдессіз ерліктің үлгісін танытты. Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы да бар еді [8]. Б.Момышұлы өзінің «Соғыс психологиясы» еңбегінде ұрыста адамға тән барлық жоғарғы және төменгі сезімдерді барынша ашып көрсеткені мәлім. Жоғарғы сезімдер: парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық және төменгі сезімдер: опасыздық, ұждансыздық, үрей, қорқыныш т.б. деп атап кеткен.

Ұлы Отан соғысының қаһармандары, майдан мен Жеңіс үшін ерен еңбектің үлгісін көрсеткен тыл еңбеккерлерінің алдында басымызды иеміз. Иә, ер есімі өшпейді, халқымыз Отан үшін құрбан болған ерлердің есімін құрмет тұтып, әрқашан ардақтай береміз.

Ұлы Отан соғысындағы ұлы Жеңіс достық пен бірлікті жырлаған, ер намысы боп атылған, ел даусысы боп шақырған жеңіс. Арын жалау етіп, жанын алау етіп жауға аттанған ел ұландары жерін қорғады, халқының өмірін қорғады, өзі туған өңірін қорғады, ақ сүт берген анасын қорғады, ақ самал ескен даласын қорғады. Осы соғыста қасық қанын киып ұрыс даласынан қайтпай қалған қаһармандар қаншама. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігіміздің нұрындай мәңгі болсын дей келе мына өлең жолдарын оқимыз:

Ұмыт болған, ұмыт қалған жоқ ешкім!  
Айтады оны арманы да, арыстың,

Ұрпақ үшін тозбайтұғын, бітпейтін

Ардагерлер-естелігі соғыстың!

-дей отырып Ұлы Жеңістің бастауларынан біздер болашақта соғыстың болмауына рухани тілек айтамыз. Отанға деген, халыққа деген берілгендік дәстүрін аға ұрпақтан үйреніп, молайта беретін боламыз. Жеңімпаздар берген тыныштық пен ұлтаралық келісімді ең құнды дүние ретінде айта беретін боламыз.

Жеңіс күні әрбір Қазақстандықтың жүрегінде. Ешкім де, ештеңе де ұмыт болмауға тиісті. Бұл біздің тарихымыз, мақтанышымыз.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Ақынов Ә. Ұлы Отан соғысы тарихындағы Қарқаралы беттері // Қарқаралы.- 2001.-5 мамыр, 3-4 б.
2. «Жаңа он жылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы . // Егемен Қазақстан 30 қаңтар 2010 ж.
3. Б. Ысқақов Жеңіс жалауы. Алматы :Жалын 1985 ж. 296 б.
4. Құлманова Л. Ерлік ел мұрасы: М.Маметованың мұражайы және батыр қыздың жайлы. // Қазақстан әйелдері. 1995, 25 б.
5. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. // Ұлан.-2000. 1-2 б.
6. Мұқанов Ш. Жалынды жылдар жаңғырығы.- Алматы: Қазақстан, 1982.- 72 б.
7. Жанасов Ж. Ту тіккен: Рейстаг қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев. // Егемен Қазақстан.-2004, 19 қазан.-№259. 5-7 б.
8. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. М. Қозыбаев. Алматы 1991. 400 б.

### **Summary**

In this article dedicated to 65-year anniversary of Victory in Great Patriotic War and examines the heroic exploits of Kazakhstan on the fronts of this war.